**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 және "Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2013 жылғы 25 маусымдағы № 516 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 294 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 41, 458-құжат) қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

мына:

«Досаев Ерболат Асқарбекұлы – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі»;

2) «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 35, 514-құжат) қаулысында:

7-1-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

«7-1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес құрамда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік органдардың өкілдерін сайлауды қамтамасыз етсін.»;

көрсетілген қаулыға 5-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 294 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына 5-қосымша

## «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мемлекеттік органдардың өкілдері

| | | |
|---|---|---|
| Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы | – | Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі |
| Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы | – | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары |
| Смайылов Әлихан Асханұлы | – | Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (келісім бойынша) |
| Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі |
| Исекешев Әсет Өрентайұлы | – | Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | – | Қазақстан Республикасының Қаржы министрі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК